



А
0-47

BanKai



Өнегелі
окиғалар

Карлыгаштың күйрығы неге айыр

Күндердің бір күні жылан жер жүзіндегі жанды мен жансыздарды жинап, мынадай арыз айтады:

— Тәнірім мені сендерден кем жаратыпты. Аяқ-қолым жоқ. Басымды көтере алмай, жер бауырлап қалдым. Не жеп, не қоярымды да білмеймін. Сендер бүтін тілдісіндер, ал мен айыр тілдімін. Ойлап отырсам, жанды мен жансыздардың ішіндегі ең сорлысы мен екенмін. Маған ешқайсының жәрдем еткілерің келмейді. «Сен қасіретті көп тарттың. Ондайлар әрдайым әділ келеді, бізге патша бола аласың» деп, сөзбен болса да жұбатып кетпейсіндер, — дейді ол ағыл-тегіл жылап.

Жыланның арызын тыңдал болған жанды-жансыздардың барлығы оған аяныш білдіріп, өкпесін орынды көреді. «Қара

Қылды қақ жарған, ақ пен қараны ажырата алатын, ақ жүрек ақылшымыз болар» десіп, өздеріне патша етіп сайлайды.

Жыл артынан жыл, күн артынан күн өтіп жатады. Күндердің күнінде тойымсыз Жыланекең «Бүкіл әлемге патша болып, барлық билікті өз қолыма алсам, бұдан да жақсы өмір сүрер едім. Кез келген тамақты ішпей, ең тәттісін ғана жейтін едім» деп қиялдайды. Осы ойын жүзеге асыру үшін, өзіне қан дәмін айыра алатындардың бәрін шақырады. Қос қанатын делдитіп, аяқтарын шілтитіп,



қуарып шіркей, тұмсығын едірейтіп сона, маса – патшаның көнілін табам деушілердің бәрі келеді.

Патша осылардың арасынан шіркей мен масаға:

– Жер жүзін аралап, өсімдіктердің дәмін татып, жандының қанын сорып қайтындар. Тек бұлар ғана емес, қаттыдан тастың, жұмсақтан топырақтың да дәмін алындар. Дүниедегі ең тәтті дәм бұдан былай менің тамағым болатындей етіндер, – деп, оларға уақыт беріп, бүкіл өлемді шарлауға жібереді.

Күн артынан күн өтіп, патшаның айтқан мөзгілі дे жетеді. Өлсіз шіркей жел болса, шөптің түбіне қашып тығылады. Желсіз күндері ыңылдалап өн салғансып жүріп, кешігіп қалады. Ал маса өсімдік пен жандылардың ішіндегі қаны тәттісін біледі де, патшасына қарай өуелей ұшып, әндептің келе жатады. Осы кезде қарлығаш кез болып:

– Иә, досым, патшамызға дүниедегі ең тәтті тамақты іздеп кетті деп естіп едім, таптың ба? – деп сұрайды.

Маса қарлығашты менсінбей, сұрағына жауап бермей, бұрынғыдан да бетер зулай жөнеледі.



— Ә, ә, түсіндім, түсіндім! Жолың болып іздегенінді тапқан екенсің, достым... Азamatсың өзің. Сенің ептілігінді, ешнэрседен тайынбайтын беттілігінді білгенмін. Осы қасиетінді енді барлық қанаттыларға айта жүретін боламыз, — деп қарлығаш масадан сыр тарта, мадақтай сөйлейді.

Бұл мақтауды естіген маса:

— Патшамыздың тамағына кімді тапқанымды білесің бе? — дейді шаттана лепіріп.

— Е, достым маса, мен не білуші едім?

Сенен денемнің үлкендігі болмаса, ақылым аз емес пе? Сен патшаның ақылшысысың. Қане, төрем, айта қойшы, ардақты патшамыздың тамағына кімді таптың?

Бұл сөздерге еліре түскен маса:

- Дүниеде патшамызға лайық ең дәмді ас
- адам қаны екен, – дейді.

«hm... Адам сияқты ақылды да, айлалы жан түмсығын едірейткен бір сілімтік жарым-жанға жем болып қала ма?» деп, қарлығаш адамды құтқарудың амалын ойлайды.

– Менің ақылымның қысқалығы осы емес пе, маса төрем! Адамның қаны тәтті дегеніңе



сенер-сенбесімді білмей келем. «Дұниедегі тәтті қанды тауып, дәмін татқанның тіліне алтын мөр түсіп қалады» деп, шешем көп айтушы еді. Мүмкін болса, тілінді шығарып, мөрінді көрсетші. Алтын мөрге көз салғанның өзі біз үшін үлкен бір медеу ғой.

Бұл мақтауға елірген ессіз маса:

— Көрсең көре ғой, байғұс! — деп тілін көрсетеді. Қарлығаш шап беріп, масаның тілін жұлдып алады. Тілінен айырылған маса сөйлей алмай, ызындаған күйі жыланға қарай ұша жөнеледі.

«Кош, тілі жұлдынды. Аузына құм құйылды. Адамның қанының тәттілігін енді қалай түсіндірер еken?» деген оймен қарлығаш оның артынан ұшады.

Маса патшасының алдына барып, бірдемелерді айтқысы келіп, ыз-ыз етіп зар қағады. Бірақ, ешнәрсені түсіндіре алмайды. Жылан:

— Мұның тілі аузынан түсіп қалған ба, өлде жынданған ба? Мынаның не деп тұрғанын түсінгендерің бар ма? — деп, айналасында тұрғандарға қарайды.

Бұл көріністі сырттай бақылаپ тұрған қарлығаш:



- Мен тұсініп тұрмын, патшам! – дейді.
- Қане, тұсінсең айтшы, маса маған не деп тұр?
- Ол «ызындаپ ұшып жүріп бүкіл өлемді араладым. Бірақ неше түрлі өсімдікті өсіріп шығарған топырактан тәтті ешнәрсені таппадым» деп тұр, патшам! – дейді қарлығаш.

Тілі сөйлеуге жарамаса да, құлағы сау маса мұны естігенде, жаны шығып кете жаздайды. Қарлығаштың сөзіне ызаланған маса оған қарай екі-үш рет ұмтылады. Өзінен үлкен қарлығашқа өлі келмейтінін сезген соң, жыланның алдына барып жылап жібереді.

Масаның бұл күйін көрген жылан:

- Ә, ә, мұның тіліне бір пәле қылған сен екенсің гой! – деп, қарлығашқа тап береді. Қарлығаш ұша жөнеледі.

Жылан ұша жөнелген оның құйрығынан фана тістеп үлгереді. Қарлығаштың құйрығы осыдан кейін екі айырық болып қалған деседі.

Міне, содан былай жылан топырақ жалап, ал маса ызылдаپ қалады. Қарлығаш жыланнан қорқып, адамды дос тұтады. Ал, адам қарлығашты қасиетті құс санайды.

Қоян

Коян күнделікті әдеті бойынша үйшігіне қашып кіреді. Әркім артына тұсे бергендіктен, ол қатты ыза болады.

— Мен әркімнен бір сескенем. Менен ешкім қорықпайды. Бұйтіп жүргенше суға түсіп өлгенім жақсы, — деп суға қарай жүгіре жөнеледі.

Су бойында жатқан қойлар зымырай шыққан қояннан үркіп қалады. Оларға қарап басқа қойлар да тас-талқан болыш үркеле жөнеледі. Сонда қоян ойланып:

— Менен де қорқатын хайуандар бар екен, — деп көңілі жай болады. Қайтадан үйшігіне оралады.



27



Енегелі окиғалар

Суретшісі

В. Пономарева

Бас редакторы

К. Байғабылова

Редакторы

Ф. Момынәлиева

Креативті дизайні мен компьютерлік қалыптауы

«Баур» баспасы

Ә Жәңгіров, Е. Мельникова, С. Қарпықов

ISBN 9965-626-51-0

Балакай - первая серия книг на казахском языке для детей, куда вошли казахские народные сказки, считалки, стихи.

По вопросам оптовой продажи обращаться в торговый отдел издательства «АРУНА». Тел./факс: (3272) 728 411, 728 421

Балакай - балаларға арналған қазақ тіліндегі алғашқы топтама. Топтамага тақпактар, санамактар, халық ертеғілесі жинақталған.

Көтерме бағамен сатып алу үшін «АРУНА» баспасының сауда белгіміне хабарласу кажет. Тел./факс: (3272) 728 421, 728 411

© «АРУНА» баспасы.

480091, Алматы қаласы, Чайковский к-сі, 190/184, 23-оғис.

E-mail: aruna_ltd@mail.ru
Таралымы 10 000.

«IntellService»
баспаханасында басылды.

5

